

ӘОЖ 372.881.111.1

ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ ICT ЖӘНЕ ОНЛАЙН РЕСУРСТАР

Салиева Д.О.

saliyeva_do@enu.kz

А.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық қатынастар факультеті

шетел тілдер кафедрасының аға оқытушысы

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

ICT (information and communication technology) технологиялары әлемдік экономиканың, саяси-әлеуметтік саланың және қоғамның барлық салаларының цифрлануына әсер етуде. Әсіресе әлемдік пандемия жағдайында ақпараттық технологияларды пайдалану бүгінгі күн тәртіптің негізі тармағы болып отыр.

Бүгінде ICT қолданысы кең таралған саланың бірі – білім беру және ғылым саласы. ICT және білім берудің онлайн ресурстары – заманауи оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және ол үдерісті қызықты, мазмұнды әрі жан-жақты етуге септігін тигізеді. Жаңа технологиялар мен онлайн мультимедиялық ресурстардың арқасында шетел тілін оқыту саласында да көптеген жаңа құралдар пайда болуда [1].

Оффлайн және онлайн оқытуға арналған көптеген электрондық ресурстар бар. Алайда, өздігінен білім алумен қоса, оқытушы міндетті түрде оқу үдерісі мен тәртіпті қадағалауы қажет, ал ең бастысы күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін іс-әрекеттер мен әдіс-тәсілдер жоспарын дұрыс құру да оқытушының құзыреттілігінде екенін ұмытпауымыз керек. Осы мақсатта оқытушылар тіл үйретудің әртүрлі әдістері мен жүйелерін қолданады, сабақ барысында жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлерін ұйымдастыруда, сол сияқты жеке немесе дербес оқытуды қолдана отырып, студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру үшін қажетқазіргі ақпараттық технологияларды пайдаланудың алуан түрлі мүмкіндіктері бар.

Ұрпақтар теориясының негізін қалаушылар Уильям Штраус пен НилХаудың пайымдауынша, бұрынғы ұрпаққа қарағанда, цифрлы Z ұрпақтың оқу материалдарын таныстырудың классикалық әдістеріне деген көзқарасы ерекше, қарама-қайшы деп те айтуға болады, себебі олар мультимедиялық технологиялардың дамыған дәуірінде өмір сүруде. Олардың ойлауы фрагменттелген және олар ақпаратты тез әрі аз мөлшерде қабылдайды. Z ұрпақтың өкілдері қажет емес ұсақ-түйекке, материалды ұзақ отырып оқуға уақыт кетірместен, нәтижеге тез қолжеткізуге бейімделген [2]. Білім алушылардың осындай психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, оқытушылар біліктіліктерін заман талабына сай үздіксіз дамытып, білім берудің жаңа әдістерін ұсынулары қажет.

Мақала тақырыбы аясында Ресей Федерациясы Омбы қаласында өткен «Инновациялық сандық технология» атты біліктілік арттыру курсына жоғары оқу орындарында білім беру үдерісінде қолданыстағы ICT және онлайн ресурстар туралы толық ақпарат берілді. Аталмыш курс Ресей Федерациясының Омбы мемлекеттік педагогикалық университеті (45 сағат) мен Францияның Страсбург университетінің (Université de Strasbourg) (27 сағат) профессорларының дәрістерін қамтыды. Бағдарламада төмендегі тақырыптар қарастырылды:

1. 1- оқу модулі «Бұқараға ашық онлайн курс жасау технологиясы» - 27 академиялық сағат.
2. 2-оқу модулі «Инновациялық педагогика» - 27 академиялық сағат.
3. 3-оқу модулі «Оқу үдерісінде IT технологияларын пайдалану» - 18 академиялық сағат.

Осы бағдарлама шеңберінде жоғары оқу орындарында шетел тілдері модулі бойынша практикалық сабақта пайдалануға болатын келесі онлайн ресурстарын қарастырдық:

www.socrative.com – студенттерге қосымша тапсырмалар мен әртүрлі тақырыпта сынақ жұмыстарын, онлайн жаттығулар жүктеуге арналған сайт. Ол қашықтықтан оқыту барысында өзіндік тапсырмалар дереккөзі ретінде, студенттердің оқу үлгерімі мен материалды меңгеру деңгейін қадағалау құралы ретінде пайдаланылатын платформа. Socrative сайты студенттердің шығармашылық, сыни және дивергентті ойлау қабілеттерін дамыту құралы болып табылады.



Сурет 1. Socrative сайты

Визуализация және инфографика технологиялары бойынша www.weblancer.net, www.infographer.ru, www.ru.venngage.com сайттарын, Screencast online видео-дәрістер фрагменттерін, онлайн пазл құрастыру бойынша www.puzzlecup.com платформасын, QR код жасау үшін www.clck.ruсайтын қолдануға болады. Сонымен қатар, LearningApps, www.linoit.com, mindmeister.com, slides.google.com, slidescarnival.com, kahoot.it платформалары интерактивті дәрістер мен практикалық сабақтардың құралдарын жасау мүмкіндіктерін ұсынады.

Осылардың ішінде инфографика мен кроссворд фабрикасына кеңірек тоқталатын болсақ, инфографика форматы бүгінде онлайн медиада көп қолданылады және де ғаламтор дәуірінде жас мамандар инфографикамен жұмыс жасай алуы тиіс.


Инфографика – деректі, ақпаратты, білімді компьютерлік графика тәсілдер арқылы ұсыну. Қандай да бір оқиғаны сипаттау немесе деректерді жеткізу мақсатында кезкелген мәтін, сурет пен графиканың біріктіріліп берілуін инфографика деп айтамыз [3].

Инфографика – бұл ақпаратты визуалды түрде ұсыну. Көбінесе қиын әрі ауқымды деректі тез, оңай және нақты жеткізу қажет болғанда пайдаланылады. Қазірде ол ақпаратты синтездеу және бөлісудің стратегиялық құралына айналууда. Мәселен, инфографиканы www.venngage.com сайтында жасауға болады.



Сурет 2. Venngage сайты

Студенттердің материалды меңгеру деңгейін бағалау мақсатында оқытушылар <https://learningapps.org> сайтында ойын түрінде кроссвордтар, сауалнамалар және онлайнинтерактивті тапсырмалар жасап, Z ұрпақтың білім алуға деген қызығушылығын арттыра алады.



Сурет 3. LearningApps сайты

LearningApps.org платформасы Германияның Берн педагогикалық колледжі орталығының Майнц университеті мен Циттау/Герлиц университетімен бірлескен ғылыми-зерттеу жобасы болып табылады. LearningApps.org – бұл интерактивті модульдер арқылы оқытуды немесе өздігінен білім алуды қолдау мақсатында жасалған ақысыз Web 2.0 қосымшасы. Пайдаланушылар қолданыстағы модульдермен жұмыс жасай алады, оларды өзгерте алады және ұсынылған конструктор мен шаблондарды қолдана отырып, жаңа модульдер, яғни жаттығулар жасай алады. Интерактивті тапсырмалар тақырып категорияларына сәйкес ұйымдастырылған. Сайт пен ондағы тапсырмалар ағылшын, неміс, орыс, француз, испан, итальян және басқа да тілдерде ұсынылған.

Қорытындылай келе, біліктілікті арттыру курсынан алған білім мен дағдылар келесі артықшылықтар мен мүмкіндіктер ұсынды:

1. пәндер бойынша сандық онлайн ресурстар мен MOOC құру мүмкіндігі;
2. білімалушылардың өзіндік жұмыстарын автономды орындауда онлайн ресурстарды пайдалану;
3. практикалық сабақтарда студентке бағытталған тапсырмаларды (student-oriented approach) курста үйренген онлайн платформалар негізінде құру;
4. студенттердің білімін бақылау мен бағалауда онлайн ресурстарды қосымша құрал ретінде пайдалану;

5. онлайн платформалар, сайттар мен әлеуметтік желілерді сабақтың мазмұнын әртараптандыру, заманауи талаптарға сай сабақтың контентін құруда пайдалану.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. Budiman A. ICT and Foreign Language Learning: An Overview//Journal of Language Education. 2020. Vol. 3, No. 2. P.245-267.
2. Bagateeva A., Vildanova E., Strahova I., Aydarova A., Koroleva N., Mazaeva T. Modern Information Technologies and Language Animation in Foreign Languages Teaching// Advances in Economics, Business and Management Research. 2020. Vol. 131. P. 409-413.
3. Christine F. Provvidenza, Laura R. Hartman, Jason Carmichael & Nick Reed. Does a picture speak louder than words? The role of infographics as a concussion education strategy// Journal of Visual Communication in Medicine. 2019. Vol.42, No. 3. P. 102-113